Кір жуғыш машинаны тазалау немесе оған техникалық қызмет көрсету алдында машинаны қуаттану көзінен қабырға розеткасынан қуаттану айырын суыру арқылы ажыратыңыз.
- Бұл талапты орындамау электр тоғының соғуына немесе өртенуге әкелуі мүмкін.

WEEE БЕЛГІСІНЕ ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

Бұл машинадан қалай құтылу керек (Керек емес электр және электронды құрылғылары)

(Жеке қоқыс жинау жүйесі бар елдерге қатысты)

Бұйымдағы, қосымша жабдықтардағы немесе баспа өнімдеріндегі бұл белгі бұйымды және оның қосымша электронды құрылғыларын (мысалы, қуаттау құрылғысы, тыңдау құрылғылары, USB кабель) жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін басқа үй қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайтынын білдіреді. Қажет емес заттарды қалай болса солай тастаудың нәтижесінде қоршаған ортаға немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіру мүмкіндігін болдырмау үшін көрсетілген бөліктерді тасталатын құрылғының басқа бөліктерінен бөлек алып, материалды ресурстарды тиімді қайта пайдалануға үлес қосу үшін қайтадан кәдеге жаратыңыз.

Үй тұтынушыларына осы құрылғыны қайтадан экологиялық қауіпсіз пайдалануға оны қайда және қалай өткізуге болатындығын білу үшін сатып алған жеке сатушымен немесе жергілікті билік кеңсесімен байланысқан жөн.

Бизнеспен айналысатын тұтынушылар, өздерінің жеткізушілерімен байланысып, ережелер мен сатып алу шарттарын тексерулері керек. Бұл бұйымды және оның электронды жабдықтарын басқа коммерциялық қалдықтармен бірге лақтырудың қажеті жоқ.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 11 2013-10-23 9:43:05

Мазмұны

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ОРНАТУ 13

13 Жиынтығын тексеру
14 Орнату талаптарын тексеру
14 Электр жүйесіне қосу және жерге байланыстыру
14 Су жіберетін шлангті қосу
15 Су ағызатын шлангты қосу
15 Машинаны орнатуға орын таңдау
15 Үй-жайдағы температура
15 Шкафтар мен жабық орындарда орнату
15 Кір жуғыш машинаны орнату

КІР ЖУУ 21

21 Алғашқы кір жуу
21 Жалпы нұсқаулықтар
22 Басқару панелін пайдалану
24 Балалардан қорғайтын құлып
24 Дыбысын өшіру
24 Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)
25 Eco Bubble
26 Циклды ауыстырғышты пайдалана отырып кір жуу
27 Кір жуу режимін қолмен орнату
27 Кір жуу бойынша нұсқаулық
28 Кір жууға арналған құралдар мен қоспалар туралы ақпарат
28 Кір жуу құралдарын пайдалану
29 Кір жуғыш құралдар бөлігі
29 Сұйық тазалағыш зат (кей үлгілерде)

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІП БАПТАУ 30

30 Кір жуғыш машинадан суды жедел ағызу
30 Кір жуғыш машинаның сыртын тазалау
31 Кір жууға арналған құралдар бөлігі мен қуыстарды тазалау
32 Қоқысқа арналған сүзгіні тазалау
33 Су жіберетін шлангтің тор сүзгісін тазалау
33 Қатып қалған кір жуғыш машинаны жөндеу
33 Кір жуғыш машинаны сақтау

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ ЖӘНЕ ҚАТЕ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАРДЫ ОҚУ 34

34 Ақаулықтар мен оларды жою тәсілдері
35 Ақпараттық кодтар

БАҒДАРЛАМАЛАР КЕСТЕСІ 36

36 Бағдарламалар кестесі

ҚОСЫМША 37

37 Киім жапсырмасындағы мәндерді сипаттау
37 Қоршаған ортаны қорғау
37 Стандарттарға сәйкестігі туралы хабарлау
38 Техникалық сипаттамалары

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 12 2013-10-23 9:43:05

Кір жуғыш машинаны орнату

Кір жуғыш машина дұрыс жұмыс істеп, кір жуу кезінде жарақаттану қаупі туындамас үшін осы нұсқаулықты қатаң сақтаңыз.

ЖИЫНТЫҒЫН ТЕКСЕРУ

Кір жуғыш машинаны қаптамасынан шығарып, тасымалдау кезінде зақымданбағандығын тексеріңіз. Жиынтықта төменде көрсетілген бөлшектердің барлығы бар екендігіне көз жеткізіңіз. Егер кір жуғыш машина тасымалдау кезінде зақымданса немесе жиынтықта бөлшектері түгел болмаса, бірден Samsung қызмет көрсету орталығына немесе Samsung компаниясының дилеріне хабарласыңыз





Сомын кілті | * Тасымалдау бұранда-ларының тесіктерін бітеуіш | Суық | Ыстық (кей үлгілерде) | Шлангті ұстағыш | Бітеуіштер | Сұйық тазалағыш зат қорабы (кей үлгіде)

Су жіберу шлангі

* Болт саңылауының қақпақшасы : Болт астындағы саңылауларға арналған қақпақшалар саны моделье байланысты болады (3~5 саңылаулар).

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 13 2013-10-23 9:43:06

Кір жуғыш машинаны орнату

ОРНАТУ ТАЛАПТАРЫН ТЕКСЕРУ

Электр жүйесіне қосу және жерге байланыстыру

Өртену, электр тоғының соғуы және жарақаттану қаупінің алдын алу үшін сымдар мен жерге байланыстыру ANSI/FNPA №70 стандарттарына және жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек. Құрылғы иесі құрылғының электр жүйесіне дұрыс қосылуына өзі жауапты.

ЕСКЕРТУ Ұзартқышты пайдалануға тыйым салынады.
Кір жуғыш машинамен берілетін қуаттану кабелін ғана пайдаланыңыз.

Орнатуға дайындық кезінде электр қуаты желісінің төмендегі талаптарға сәйкестігін тексеріңіз:
- 220-240 В, 50 Гц, сақтандырғыш немесе автоматты ажыратқыш 15 А.
- Кір жуғыш машина басқа құрылғылар қосылмаған жеке қатарға қосылуы керек.

Кір жуғыш машина жерге байланыстырылуы керек. Кір жуғыш машина бұзылған немесе сынған жағдайда жерге байланыстыру электр тоғының соғу қаупін азайтады.
Егер кір жуғыш машина үш контактілі айырмен келсе, оны дұрыс орнатылған, жерге байланыстырылған розеткаға қосыңыз.

Жерге байланыстыруды пластик қабатқа, газ құбырларына, жылыту және су құбырларына қоспаңыз.

Жерге байланыстыру дұрыс жүзеге аспаған жағдайда электр тоғының соғуына әкелуі мүмкін.
Машинаны пайдаланар алдында кәсіби электрик жерге байланыстырудың дұрыс орындалғанын тексеру керек. Кір жуғыш машинамен бірге алынған айырды ауыстырмаңыз. Егер айыр розеткаға сәйкес келмесе, кәсіби электриктен сәйкес келетін розетка орнатып беруін сұраңыз.

Су жіберетін шлангті қосу

Су қысымы 50-800 кПа болған кезде кір жуғыш машина дұрыс жұмыс істейді. Су қысымы 50 кПа-дан төмен болса су клапаны толығымен жабылмай, істен шығуы мүмкін. Сондай-ақ кір жуғыш машинаның сумен толуы рұқсат етілген уақыттан ұзақ болуы салдарынан, құрылғы өшіп қалуы мүмкін. (Ішкі шлангтің жарылып кетуінен судың толып кетуін және су басып кетуін болдырмау үшін кір жуғыш машинаның басқару жүйесіне уақыт шектеуіші қойылған)

Су құбыры крандары кір жуғыш машинаның артқы қабырғасынан 122 см –ден аспайтын қашықтықта болуы керек: бұл жағдайда қосылу үшін кір жуғыш машинамен бірге жеткізілген су жіберетін шлангтың ұзындығы жеткілікті болады.

Құбыр жүйесіне арналған тауарлар сатылатын дүкендердің көпшілігінде, ұзындығы305 см дейінгі, су құятын әр түрлі түтіктер сатылады.

Судың ағып кету қаупін азайту үшін:
- крандарға ыңғайлы қосылуды қамтамасыз етіңіз;
- кір жуғыш машина пайдаланылмаса, крандарды жауып жүріңіз;
- су ағып кетпегендігін үнемі тексеріп тұрыңыз.

ЕСКЕРТУ Ескерту. Кір жуғыш машинаны алғаш пайдаланардың алдында барлық шлангтерден, клапандардан және крандардан судың ағып тұрмағандығына көз жеткізіңіз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 14 2013-10-23 9:43:06

Су ағызатын шлангты қосу

Samsung компаниясы биіктігі 46 см тік құбырды пайдалануға кеңес береді. Су ағызатын шланг ұстағыш арқылы тік құбырға бағытталуы керек. Тік құбырдың ішкі диаметрі суды ағызатын шлангтің сыртқы диаметрінен үлкенірек болуы керек. Су ағызатын шланг кір жуғыш машинаға фабрикада жалғастырылған.

Машинаны орнатуға орын таңдау

Кір жуғыш машинаны мықты еденге орнатқан жөн. Ағаш еденге орнатқан кезде діріл мен үйлеспеген ауырлықты азайту үшін оны бекітіп қойған жөн. Кір жуғыш машинаны кілемнің немесе жұмсақ плитаның үстіне орнатқан кезде оның дірілі күшейе түседі; сыққан кезде кір жуғыш машина аздап қозғалады.

Кір жуғыш машинаны тақтай тұғырға және қатты емес қабатқа орнатпаңыз.

Үй-жайдағы температура

Кір жуғыш машинаны су қатып қалуы мүмкін орындарға орнатпаңыз, себебі машинада әрқашан (су клапанында, сорғыда және шлангтерде) аздаған су қалып қалады. Қатып қалған су жетек тартпасын, сорапты және басқа да бөліктерді бұзуы мүмкін.

Шкафтар мен жабық орындарда орнату

Кір жуғыш машина қауіпсіз жұмыс істеу үшін саңылаулар төмендегідей болуы керек:

жандарынан — 25 мм	Арт жағынан — 51 мм
жоғарғы жағынан — 25 мм	алдынан — 465 мм

Кептіргіші бар кір жуғыш машинаны орнатқан кезде алдынан кем дегенде 465 мм кем емес саңылау қалдыру керек. Бір кір жуғыш машинаға саңылау қажет емес.

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ОРНАТУ

1-ҚАДАМ
Машинаны орнатуға орын таңдау

Кір жуғыш машинаны орнатпас бұрын. Орнатылатын орын төмендегі талаптарға сәйкес болуына көз жеткізіңіз:

- желдетуге кедергі келтіретін кілем және басқа да жапқыштар жоқ тегіс, қатты еден;
- орын тікелей күн сәулесінің түсуінен қорғалуы керек;
- оңай желдетілу керек;
- температура 0°-тан төмен болмауы керек;
- жылу көздерінен (маймен немесе газбен жылытқыштар) алыс орналасу керек;
- электр қуаты кабелі кір жуғыш машинаның астында қалып қалмайтындай кең орын.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 15 2013-10-23 9:43:06

Кір жуғыш машинаны орнату

2-ҚАДАМ
Тасымалдау бұрандаларын жою

Кір жуғыш машинаны пайдаланбас бұрын құрылғының артқы панеліндегі барлық тасымалдау бұрандаларын алып тастау керек.

1. Барлық тасымалдау бұрандаларын кілттің көмегімен босатыңыз.



2. Бұранданы кілтпен ұстап, оны тесіктің үлкен бөлігі арқылы алып тастаңыз. Әр бұранда үшін осы жағдайды қайталаңыз.



3. Тесіктерді қосымша берілетін пластмасса бітеуіштермен жауып тастаңыз.



4. Тасымалдау бұрандаларын болашақта пайдалану үшін сақтап салыңыз.

ЕСКЕРТУ Қаптау материалдары материалдары балаларға қауіп төндіруі мүмкін. Барлық қаптау материалдарын (пластик және полиэтилен қалташалар) балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.

Қақпақ бекіткішін (қалташадағы бөлшектердің біреуі) қуаттану кабелін алған машинаның артқы жағындағы тесікке салыңыз.



WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 16 2013-10-23 9:43:07

3 – ҚАДАМ
Аяқтарының биіктігін реттеу

Кір жуғыш машинаны орнатқан кезде электр қуатының айырына, суды жіберетін және ағызатын шлангтерге ыңғайлы қол жетімді болуына көз жеткізіңіз.

1. Кір жуғыш машинаны керек орынға жылжытыңыз.
2. Егер еден тегіс болмаса, аяқтарын қажет бағытта бұрай отырып биіктігін реттеңіз.



3. Кір жуғыш машина түзу орнаған кезде, бекіткіш сомынды кілтпен тартып тастаңыз.



4 – ҚАДАМ
Суды жіберетін және ағызатын шлангтерді қосу

Суды жіберетін шлангті қосу

1. Г-пішіндес қондырмасы бар суық су жіберетін шлангты алыңыз да машинаның артқы жағындағы суық суды кіргізетін тесікке қосыңыз. Қосылған жерді қолмен тартып қойыңыз.

Су жіберетін шлангтің бір жағы кір жуғыш машинаға, ал екінші жағы суық су құбыры кранына жалғанып тұруы керек. Су жіберетін шланг тартылып тұрмауы керек. Егер шлангтың ұзындығы жеткіліксіз болса, жоғары қысымды ұзын шлангты қолданыңыз.

2. Су жіберетін шлангтың екінші жағын суық су құбырына жалғап, жалғанған жерін қолмен тартып қойыңыз. Қажет болған жағдайда кір жуғыш машинадағы шлангтің орналасуын өзгертуге болады. Ол үшін жалғасып тұрған жерді босатып, шлангты түзеп, қайтадан тартып қойыңыз.



Кей үлгілерде ыстық суға арналған қосымша мүмкіндік бар:

1. Қызыл Г-пішіндес қондырмасы бар ыстық суды жіберетін шлангты алып, оны машинаның арт жағында орналасқан ыстық су кіретін тесікке жалғаңыз. Жалғанған жерін қолмен тартып қойыңыз.
2. Ыстық суды жіберетін шлангтың екінші жағын ыстық су ағатын су құбырына жалғап, жалғанған жерін қолмен тартып қойыңыз.
3. Егер тек суық суды ғана пайдаланатын болсаңыз, Y-пішіндес қондырманы пайдаланыңыз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 17 2013-10-23 9:43:07

Кір жуғыш машинаны орнату

Су жіберетін шлангті жалғау (барлық түрлеріне емес)

1. Су жіберетін шлангтен адаптерін шешіп алыңыз.

2. Алдымен крест пішіндес бұрағыштың көмегімен адаптердегі төрт бұранданы босатыңыз. Содан кейін адаптерді алып, адаптердің (2) бөлігін ені шамамен 5 мм саңылау пайда болғанша көрсетілген бағытта бұраңыз.



3. Су құбыры кранына адаптерді жалғап, бұранданы қаттылап тартыңыз.
Содан кейін көрсетілген бағытта (2) бөлікті бұрап, (1) және (2) бөліктерді сәйкестендіріңіз.



4. Су жіберетін шлангті адаптерге жалғаңыз. Егер (3) бөлікті босатып жіберсе, шланг автоматты түрде шертпек дыбыспен адаптерге қосылады.

Шлангті адаптерге қосқаннан кейін, дұрыс қосылғандығын тексеру үшін шлангті төмен қарай тартып көріңіз.



5. Су жіберетін шлангтің екінші жағын кір жуғыш машинаның артқы жағында орналасқан суға арналған енгізу клапанына жалғаңыз. Шлангтің сомынын сағат тілімен тірелгенше бұраңыз.



WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 18 2013-10-23 9:43:07

6. Су жібергішті қосып, судың ағып тұрмағандығына көз жеткізіңіз. Егер су ағып тұрса, жалғау үрдісін қайтадан қайталаңыз.



ЕСКЕРТУ Су ағып тұрса, кір жуғыш машинаны пайдаланбаңыз. Бұл жарақаттануға және электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.

- Егер кран қондырғысы бұрандалы болса, су жіберетін шлангті кранға суретте көрсетілгендей етіп жалғаңыз.



Суды жіберу үшін осы мақсатқа ең ыңғайлысы су құбыры кранын қолданған жөн. Егер кранның диаметрі шектен тыс үлкен болса, адаптерді су құбыры кранына жалғамас бұрын аралық сақинаны алып тастаңыз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 19 2013-10-23 9:43:08

Кір жуғыш машинаны орнату

Су ағызатын шлангті қосу

Су ағызатын шлангтің ұшын үш түрлі жолмен қосуға болады:

1. Шұңғылша (раковина) жиегі арқылы өткізу. Су ағызатын шланг еденнен санағанда 90 см. жоғары және 60 см. төмен болмауы керек. Шланг майысып тұру үшін кір жуғыш машинамен бірге берілетін пластик шланг ұстатқышты пайдаланыңыз. Шлангті бекіту үшін ұстатқышты қабырғаға ілмекпен немесе кранға жіппен бекітіп қойыңыз.



2. Шұңғылшаның (раковинаның) су ағызатын құбырының бір тармағына қосыңыз. Су ағызатын құбырдың тармағы шлангтың ұшы еденнен 60 см төмен болмайтындай етіп шұңғылшаның (раковинаның) су ағызатын сифонынан жоғары орналасуы керек.
3. Су ағызатын құбырға қосыңыз. Құбырдың ұзындығы 60 см кем, 90 см артық болмауы керек. Биіктігі 65 см тік құбырды пайдалануға кеңес беріледі.

Тікқұбырлы ағу тесігі келесіні талап етеді;

- 5 см минималды диаметр.
- 60 литр/минут тең минималды тасымалдау мүмкіндігі.



5 – ҚАДАМ

Кір жуғыш машинаны электр желісіне қосу

Электр қуаты сымын сақтандырғыш немесе тізбекті ажыратқыш арқылы қорғалатын AC 220-240В / 50Гц құпталған электр көзі болып табылатын жардағы розеткаларға қосыңыз. (Электр қуаты және жермен байланыстыру талаптары бойынша қосымша ақпарат 14 бетте.)

Сынақ жұмысы

Кір жуғыш машинаны орнатқаннан кейін **Полоскание + Отжим (Шаю+Сығу)** программасын орындатып, машинаныздың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 20 2013-10-23 9:43:08

Кір жуу

Samsung кір жуғыш машинасымен алғаш кір жуу кезінде туындайтын ең үлкен қиындық – бұл қандай кірді алдымен жуу керек екендігі.

АЛҒАШҚЫ КІР ЖУУ

Алғаш рет кір жумас бұрын, кір салмай тұрып кір жуудың толық циклін қосыңыз.

1. **Вкл./Выкл. (Қуат)** түймешігін басыңыз.
2. Ⅱ бөлімшесіне кір жуғыш құралдың аздаған мөлшерін салыңыз.
3. Кір жуғыш машинаға су жіберіңіз.
4. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.

Бұл кезде өндіруші жүргізген сынақтан қалып қалған су кетеді.



Бөлігі Ⅰ: алдын ала кір жуу құралы немесе крахмал.
Бөлігі Ⅱ: негізгі кір жуу құралы, суды жұмсарту құралы, алдын ала шылап қою құралы, ағартқыш және дақ кетіргіш.
Бөлігі ❀: добавки, например кондиционер для белья или вспомогательные вещества (заполнять следует не выше нижнего края перегородки «A» (МАКС.).

ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

1. Кір жуғыш машинаға кірді салыңыз.

ЕСКЕРТУ Кір жуғыш машинаға артық кір салмаңыз. Салынатын кірдің әрбір түрінің мөлшерін анықтау үшін 28 беттегі кестені қараңыз.

- Кірдің есікке қысылып қалмағандығына көз жеткізіңіз, себебі бұл судың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Кір жуу аяқталғаннан кейін кір жуғыш құралдар кір жуғыш машинаның алдыңғы резеңке бөліктерінде қалып қалуы мүмкін. Қалып қалған кір жуу құралын кетіріңіз, себебі бұл судың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Су сіңірмейтін заттарды жумаңыз.

2. Есікті сырт еткенше жабыңыз.
3. Қуаттануды қосыңыз.
4. Құралдарға арналған бөлікке кір жууға арналған құралды және қосқышты салыңыз.
5. Қажет цикл мен кір салу параметрлерін таңдаңыз.
   Кір жуу индикаторы жанады да дисплейде шамамен кір жуу уақыты пайда болады.
6. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 21 2013-10-23 9:43:09

Кір жуу

БАСҚАРУ ПАНЕЛІН ПАЙДАЛАНУ



1 САНДЫҚ ГРАФИКАЛЫҚ ДИСПЛЕЙ	Кір жуудың қалған уақытын, кір жуу туралы толық ақпаратты және қателері туралы хабарламаларды көрсету.
2 ЦИКЛДАРДЫ ҚОСҚЫШ	Цикл үшін бағдарлама және сығу жылдамдығын таңдаңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Цикл қосқышты пайдаланып кір жуу» бөлімін қараңыз (26 бет). Хлопок (Мақта мата) -Орташа немесе жеңіл кірлеген мақта мата, төсек жаймасы, үстел жапқыш, іш киім, сүлгі, жейде т.с.с. арналған. Синтетика (Синтетика) -Орташа немесе шамалы кірлеген блуза, жейде т.с.с. полиэфир (диолен, тревира), полиамид (перлон, нейлон) не басқа талшықтардан жасалған заттарға арналған. Ручная стирка шерсти (Жүнді қолмен жуу) - Машинада жууға болатын жүндер үшін ғана. Салынатын кір мөлшері 2 кг кем болмауы керек. • Жүн мата циклі кірді баппен шайқап жуу тәсілін қолданады. Жуу барысында жүн мата отырып / пішімін жоғалтып алмас үшін және әбден жуылу үшін, баппен шайқау және жібіту әрекеттері орындалады. Бұл әрекетті тоқтату қиын емес. • Кір жуудан жақсы нәтиже алу үшін және тоқыма матаны жуу режимінде тоқыма талшықтарының сақталып қалуы үшін, бейтарап кір жуатын ұнтақты пайдаланған жөн. Быстрая 15' (Жылдам 15') - Шамалы ластанған және тез жуылуын қалайтын 2кг аспайтын киімдерге арналған. • Кір жуудың ұзақтылығы мағынасы (15' минут) көрсетілген ережеден ерекшеленуі мүмкін және судың қысымынан, қаттылығынан, жіберілудегі судың температурасына, бөлменің температурасына, жуылатын заттардың түрі мен салмағына және олардың ластану деңгейіне, қолданылатын жуғыш құралға, электр қуат көзінің кернеуінің қалыптан және таңдалған қосымша қызметтен ауытқуына байланысты. • Тез 15 мин. режимі үшін жуатын іш киімдерге (салмағы 2 кг-нан артық болмайтын) кір жуғыш құралды аз ғана көлемде қосыңыз (Жылдам 15-минуттық жуу). Егер Сіз жуғыш құралды көп мөлшерде қоссаңыз, жуудан кейін ол қалып қоюы мүмкін. Интенсивная Eco (Супер Эко жуу) - Төмен температурадағы Eco Bubble функциясы, қуатты тиімді түрде үнемдей отырып, тамаша нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі. Верхняя одежда (Сыртқы киім) - Тауға шығуға, шаңғы тебуге және спортқа арналған сыртқы киімдерді жуу үшін қолданыңыз. Маталар спандекс, стреч және микро талшық сияқты функционалды технология өңдеулерін және талшықтарын қамтиды.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 22 2013-10-23 9:43:09

	Отжим (Айналдыру) -Суды барынша сығу үшін қосыша айналдыру циклдерін орындайды. Полоскание + Отжим (Шаю + Айналдыру) -Тек шаюды қажет ететін кір үшін не мата жұмсартқышты шаю циклі кезінде қосу үшін қолданыңыз.
3 **ЖУУДЫ КЕЙІН БАСТАУ ТҮЙМЕШЕСІ**	Кір жууды кейінге қалдырудың өзіңізге қажетті уақытты (арасына бір сағат қалдырып 3 сағаттан 19 сағатқа дейінгі аралық) қою үшін, осы түймешені бірнеше рет басыңыз. Көрсетілетін уақыт – кір жуудың аяқталу уақыты.
4 **ТЕМПЕРАТУРАНЫ ТАҢДАУ ТҮЙМЕШЕСІ**	Судың бар температураларын таңдау арқылы жуу үшін осы түймешікті қайта-қайта басыңыз: (Холодная (суық су), 30ºC, 40 ºC, 60 ºC және 95 ºC).
5 **ТЕМПЕРАТУРАНЫ ТАҢДАУ ТҮЙМЕШЕСІ**	Сығу жылдамдығын таңдау үшін түймешелерді кезекпен басыңыз. WF6MF1R2W2W / WF6CF1R0W2W WF60F1R1W2W — Барлық индикаторлар өшулі, ⊗ ,400, 800, 1200 айн./мин WF6MF1R2W0W / WF60F1R1R0W0W WF6RF1R0W0W / WF6HF1R0W0W WF6MF1R0W0W — Барлық индикаторлар өшулі, ⊗ ,400, 800, 1000 айн./мин “Айналдырмау⊗” -Кір барабан ішінде қалады және шаю циклінен кейін айналдыру циклі орындалмайды. “Шаюды кейінге қалдыру (Барлық индикаторлар өшулі) ” - соңғы шаюдан қалған суда кір шыланып қалады. Кірді алардың алдында суды ағызу немесе сығу циклін орындау керек.
6 **ОПЦИЯНЫ ТАҢДАУ ТҮЙМЕШІГІ**	Жуу опцияларының бірінен екіншісіне өту үшін осы түймешікті қайта-қайта басыңыз: Предв. Стирка (Алдын ала) → Полоскание+ (Шаю+) → Интенсивная (Қарқынды) → Предв. Стирка (Алдын ала) + Полоскание+ (Шаю+) → Предв. Стирка (Алдын ала) + Интенсивная (Қарқынды) → Полоскание+ (Шаю+) + Интенсивная (Қарқынды) → Предв. Стирка (Алдын ала) + Полоскание+ (Шаю+) + Интенсивная (Қарқынды) → (өшірулі) Предв. Стирка (Алдын ала): алдын ала кір жуу нәтижесінде кірден дақты оңай кетіру үшін осы қызметті пайдаланыңыз. Алдын ала кір жуу режимі төмендегі бағдарламаларды қолданғанда ғана қослады: Хлопок (Мақта мата), Синтетика (Синтетика), Интенсивная Eco (Супер Эко жуу). Полоскание+ (Шаю+): Қосымша шаю циклдарын қосу үшін осы түймешікті басыңыз. Интенсивная (Қарқынды): Жуылатын киім аса ластанған және оны мейлінше дұрыстап жуу қажет кезде, осы түймешікті басыңыз. Әр циклдың цикл уақыты ұлғаяды.
7 **БАСТАУ/үЗІЛІС ТҮЙМЕШЕСІ**	Кір жууды тоқтату немесе жаңарту үшін осы түймешені басыңыз.
8 **ҚУАТ ТҮЙМЕШЕСІ**	Кір жуғыш машинаны қосу үшін түймешені бір рет басыңыз, өшіру үшін қайта басыңыз. Егер кір жуғыш машина 10 минуттан астам уақыт қосылып қалса, бірақ түймешелерімен ешқандай жұмыс жасалмаса, автоматты түрде өшеді.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 23 2013-10-23 9:43:09

Кір жуу

Балалардан қорғайтын құлып

Бала қауіпсіздігінің құралы, таңдаған жуу циклiңіз өзгеріп кетпес үшін түймешіктерді құлыптап қоюға мүмкіндік береді.

Қосу/Ажырату

Егер «Замок от детей (Балалардан қорғайтын құлып)» қызметін қосу немесе сөндіру қажет болса, **Отжим (Айналдыру)** және **Опция(Опция)** батырмаларын бір мезгілде
3 секундқа басыңыз. Қызмет қосылған кезде балалардан қорғайтын құлып индикаторы жанады.



Бала қауіпсіздігінің құралы функциясы қосылған кезде тек **Вкл./Выкл. (Қуат)** түймешігі жұмыс істейді. Бала қауіпсіздігінің құралы функциясы тіптен электртоғы өшіп қалып, қуат қайта қосылса немесе ажыраса, немесе қуат сымын ажыратып. қайта қосқаннан кейін де белсенді қалыпта тұра береді.

Дыбысын өшіру

Дыбысын өшіру қызметін барлық режимдерге қосуға болады. Егер бұл қызмет таңдалса, барлық режимдер үшін дыбысы өшіп тұрады. Қуат бірнеше рет қосылып, өшірілсе де баптаулары өзгеріссіз қалады.

Қосу/Ажырату

Үнділік функциясын қосуды немесе ажыратуды қаласаңыз, **Темп.** және **Отжим (Айналдыру)** түймешіктерін 3 секунд қатар басыңыз.



Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)

Кір жуғыш машина кір жууды автоматты түрде кейінірек аяқтау үшін, 3 сағат пен 19 сағат аралығындағы (арасы 1 сағаттан) уақытты таңдап, кір жуғыш машинаны бағдарламалап қоюға болады. Көрсетілетін уақыт – кір жуудың аяқталу уақыты.

1. Жуылатын кірдің матасына қарай кір жуғыш машинаға қолмен немесе автоматты түрде бағдарлама орнатыңыз.
2. Қажетті уақыт орнағанға дейін Кейін бастау түймешесін бірнеше рет басыңыз.
3. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз. “Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)” индикаторы жанады да, сағат орнатылған уақытқа жету үшін кері санақты бастайды.
4. Кешіктіру параметрін біржола тоқтату үшін, **Вкл./Выкл. (Қуат)** түймешігін қайта басыңыз да, содан кейін кір жуғыш машинаны қайта қосыңыз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 24 2013-10-23 9:43:10

Eco Bubble

Эко көпіршік жүйесі жуғыш заттарды біркелкі таратып, матаға біркелкі және терең сіңуіне көмектеседі.

Eco Bubble функциясы мыналармен қол жетімді: Хлопок (Мақта мата), Синтетика (Синтетика), Ручная стирка шерсти (Жүнді қолмен жуу), Быстрая 15’ (Жылдам 15’), Интенсивная Eco (Супер Эко жуу), Верхняя одежда (Сырт киім).

- Eco Bubble функциясы әдетте таңдалып тұрады. Оны өзгерте алмайсыз.
- Бағыт түріне қарай, басқа бір көпіршік функциясы қолданылуы мүмкін.

1. Есікті ашыңыз, кірді жуу дөңгелегінің ішіне салып, есікті жабыңыз.
2. **Вкл./Выкл. (Қуат)** түймешігін басыңыз.
3. Функцияны таңдаңыз.
4. Тазалағыш зат пен матаны жұмсартқыштың тиісті мөлшерін сәйкес бөлімдерге кір мөлшеріне қарай салыңыз және тазалағыш зат тартпасын жабыңыз.
   - Тазалағыш зат бөліміне Ⅱ тазалағыш заттың тиісті мөлшерін салыңыз және мата жұмсартқышты жұмсартқыш бөліміне талшықты жұмсартқыштың негізгі сызығынан (MAX) “A” аспайтындай етіп салыңыз)
   - Алдын-ала жуу бағыты таңдалған кезде, тазалағыш затты алдын-ала жуу бөліміне Ⅰ де салыңыз.



5. Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз.
   - Жууды бастау үшін **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.
   - Кірдің мөлшері автоматты түрде анықталады және жуыла бастайды.
   - Кір жуғыш машинаның жұмысы басталған кезде, көпіршік функциясын қосу немесе таңдау мүмкін болмайды.

- Тазалағыш заттың белгілі бір мөлшерінің арқасында көпіршіктер жеткілікті түрде жасалады.
- Қалдықтар сүзгісін жиі тазалап тұрыңыз. Жүйелі түрде тазалау көпіршіктердің жеткілікті түрде шығуына көмектеседі.
- Тазіне және кірге қарай, көпіршіктер сіңіп кетуі және көлемі аз сияқты көрінуі мүмкін.
- Көпіршіктердің жуу басталғаннан кейін шығатынына қарамастан, қолданушылардың оларды көре алуына дейін бірнеше минут қажет болуы мүмкін.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 25 2013-10-23 9:43:10

Кір жуу

Циклды ауыстырғышты пайдалана отырып кір жуу

Samsung компаниясы шығарған Fuzzy Control кір жууды автоматты басқару жүйесінің арқасында кір жуу оңай, әрі ұнамды іс болады. Кір жуу бағдарламасын таңдаған кезде машина дұрыс температураны, кір жуу уақыты мен жылдамдығын өзі белгілейді.

1. Су құбыры кранын ашыңыз.
2. **Вкл./Выкл. (Қуат)** түймешігін басыңыз.
3. Есігін ашыңыз.
4. Заттарды барабанға бір-бірден, қатты толтырмай салыңыз.
5. Есігін жабыңыз.
6. Жуғыш затты, жұмсартқышты және алдын ала жуғыш затты (егер қажет болса) тиісті үлестіргіштерге салыңыз.

   Алдын ала кір жуу режимі Хлопок (Мақта мата), Синтетика (Синтетика) және Интенсивная Eco (Супер Эко жуу) циклдары таңдалса ғана қосылады. Мұндай жуу заттар өте кір болса ғана қолданылады.

7. Мата түріне сәйкес қажет циклді таңдау үшін цикл ауыстырғышты пайдаланыңыз: Хлопок (Мақта мата), Синтетика (Синтетика), Ручная стирка шерсти (Жүнді қолмен жуу), Быстрая 15’ (Жылдам 15’), Интенсивная Eco (Супер Эко жуу), Верхняя одежда (Сырт киім). Басқару панелінде сәйкес индикаторлар жанып тұрады.
8. Енді сәйкес түймешелердің көмегімен кір жуу температурасын, шаю санын, сығудың айналым саны мен кейінге қалдыру уақытын таңдауға болады.
9. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** қою түймешесін басыңыз, кір жуу басталады. Кір жуу индикаторы жанып, дисплейде кір жуу циклінің қалған уақыты көрсетіледі.

Тоқтатып қою қызметі

Кір жуу басталғаннан кейін 5 минут ішінде кірді қосуға немесе азайтуға болады.

1. Есіктің бекітпесін ашу үшін **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.

   Егер су өте ЫСТЫҚ немесе су деңгейі өте ЖОҒАРЫ болса, есікті ашуға болмайды.

2. Есікті жапқаннан кейін, кір жууды бастау үшін **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.

Кір жуу циклі аяқталды.

Кір жуу циклі толығымен аяқталғаннан кейін кір жуғыш машина қуаты автоматты түрде өшеді.

1. Есігін ашыңыз.
2. Кірді шығарыңыз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 26 2013-10-23 9:43:10

Кір жуу режимін қолмен орнату

Кір жуу режимін цикл ауыстырғышты қолданбай-ақ қолмен орнатуға болады.

1. Су құбыры кранын ашыңыз.
2. Кір жуғыш машинадағы **Вкл./Выкл. (Қуат)** түймешесін басыңыз.
3. Есігін ашыңыз.
4. Заттарды кезекпен мөлшерден асырмай машина багына тығыздамай бос етіп салыңыз.
5. Есігін жабыңыз.
6. Бөліктерге сәйкес келетін кір жуу құралын, кір жууға арналған кондиционер мен алдын ала арнайы арналған бөліктеріне салыңыз.
7. Температураны таңдау үшін **Темп.** түймешігін басыңыз. (Холодная (суық су), 30ºC, 40 ºC, 60 ºC және 95 ºC).
8. Полоскание (Шаю)+ режимін таңдау үшін **Опция (Опция)** түймешесін басыңыз, ол шаюдың ұзақтығын арттыра түседі. Сәйкесінше кір жуу ұзақтығы да арта түседі.
9. Айналдыру жылдамдығын таңдау үшін **Отжим (Айналдыру)** түймешігін басыңыз. Шаюды кідірту бағдарламасын таңдаған кезде кір жуғыш машинадан сулы кірді шығарып алуға болады. (⊠ : сығылмаған, (Барлық индикаторлар өшулі): шайқауды кідірту)
10. Кір жууды кейінгі қалдырудың қосылған түрлерін (арасы 1 сағаттан 3 сағаттан 19 сағатқа дейін) қайта қосу үшін аяқтау үшін Кейін бастау түймешесін бірнеше рет басыңыз. Көрсетілген сағат мәні, жуу циклінің аяқталу уақытын білдіреді.
11. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз, цикл басталады.

КІР ЖУУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Тап таза киім мен кір жуудың жоғары нәтижесіне қол жеткізу үшін мына қарапайым нұсқаулықты ұстаныңыз.

Кір жумас бұрын заттың жапсырмасында көрсетілген матаны күту ерекшеліктерін әрқашан ескеріп отырыңыз.

Кірлерді төмендегі белгілері бойынша іріктеп, жуыңыз.

- Күту бойынша нұсқаулығы бар жапсырма. Мақта, аралас мата, синтетика, жібек, жүн және вискозадан жасалған бұйымдарды жеке жеке іріктеңіз.
- Түсі. Түрлі түсті заттарды ақ түстен бөлек қойыңыз. Түрлі түсті жаңа киімдерді жеке жуыңыз.
- Көлемі. Бір циклда көлемі түрлі заттар салу, тиімді кір жууды қамтамасыз етеді.
- Нәзіктік. Ерекше матадан тігілген жүн, перде және жібек бұйымдарды «Ұқыпты жуу» циклін пайдалана отырып бөлек жуыңыз. Заттардың жапсырмасындағы кір жуу бойынша мәндерді немесе қосымшадағы матаны күту туралы ақпаратты қараңыз.

Қалталарын тексеру.

Кір жумас бұрын барлық қалталарды босатыңыз. Тиын, түйреуіш, шеге немесе тас сияқты қатты және өткір заттардың болуы кір жуғыш машинаны бүлдіруі мүмкін. Ірі тоқылған, түймелері мен басқа да ірі темір заттары бар киімдерді жумаңыз.
Киімдегі темір заттар киім мен бакты бүлдіруі мүмкін. Түймелері мен кестелері бар киімдерді жумас бұрын теріс айналдырып қойыңыз. Егер кір жуған кезде шалбарлар мен күртешелердің сыдырмасы ашылып тұрса, олар бакты бүлдіруі мүмкін. Кір жуардың алдында сыдырмалар жабылып, баулары байлануы керек.
Киімдердің ұзын баулары киімнің басқа бөліктерімен шатысып, киімді бүлдіруі мүмкін. Кір жуардың алдында баулардың дұрыс байланғанына көз жеткізіңіз.

Мақтадан тігілген бұйымды алдын ала жуу.

Заманауи кір жуғыш құралдарды қолданғанда кір жуғыш машина электр энергиясын, уақытты, суды және қаражатты үнемдей отырып үздік нәтиже береді. Егер мақтадан тігілген заттар қатты кірленген болса, оларды жуу үшін ақуыз негізді кір жуғыш құралмен алдын ала жуу бағдарламасын бірге қолданыңыз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 27 2013-10-23 9:43:10

Кір жуу

Салынатын кір мөлшерін анықтау.
Кір жуғыш машинаға мөлшерден тыс кір салмаңыз. Мұндай жағдайда кір нәтижелі жуылмайды. Кірдің түріне байланысты салынатын мөлшерін анықтау үшін төмендегі кестеге сүйеніңіз.

Мата түрі	Салынатын мөлшері
үлгісі	WF6MF1R2W2W / WF6MF1R2W0W / WF6MF1R0W0W WF60F1R1W2W / WF60F1R0W0W / WF6CF1R0W2W WF6RF1R0W0W / WF6HF1R0W0W
хлопок (Мақта мата) - орташа/аздап кірленген - қатты кірленген	6,0 кг
Синтетика (Синтетика)	2,5 кг
Ручная стирка шерсти (Жүнді қолмен жуу)	1,5 кг
Верхняя одежда (Сыртқы киім)	2,0 кг

- Кірдің теңгерімі дұрыс болмаса (бейнебетте “UE” жанады) қайта таратып салыңыз.
  Егер кір тегіс салынбаса, сығу тиімділігі төмендеуі мүмкін.
- Төсек жабдығын немесе мамық көрпе жуған кезде кір жуу уақыты көбейіп немесе сығу күші азаюы мүмкін.

Кеуде тартқыштарды арнайы қапта (бөлек сатып алынады) жуған жөн.



- Кеуде тартқыштардың темір бөлшектері үзіліп кетіп, матасын бүлдіруі мүмкін. Сондықтан да оларды кірлерге арналған жұқа матадан тігілген қаптарға салған жөн.
- Есікте шұлық, қолғап, шұлық және беторамал сияқты ұсақ заттар қысылып қалуы мүмкін. Оларды жұқа тордан жасалған қаптарға салған жөн.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жұқа кірді басқа кірлерсіз жуудың қажеті жоқ. Бұл кір жуғыш машинаның шектен тыс дірілдеуіне және қауіпті жағдайлар мен жарақаттануға әкелуі мүмкін.

КІР ЖУУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАЛДАР МЕН ҚОСПАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Кір жуу құралдарын пайдалану

Кір жууға арналған құрал матаның түріне (мақта, синтетика, нәзік маталар, жүн), оның түсіне, жуу температурасы мен кірлену деңгейіне сәйкес келуі керек. Әрқашан да автоматты кір жуғыш машинаға арналған, аз көбіктенетін кір жууға арналған құралды пайдаланыңыз.
Кірдің мөлшерін, кірлену деңгейін және қолданылатын судың қаттылығын негізге ала отырып кір жуғыш құралды өндіруші зауыттың кеңесіне сүйеніңіз. Егер судың қаттылық деңгейі белгісіз болса, сумен жабдықтайтын ұйымға хабарлсыңыз.

Кеуіп қалған немесе қатып қалған кір жуу құралын пайдаланбаңыз, себебі олар кір жуу кезінде ерімей, шаю кезінде машинада қалып қаюы мүмкін. Бұл кірдің дұрыс шайылмай, тесіктер бітеліп қалғанда судың асып кетуіне әкеледі.

«Тоқыма мата» режимін қолданар кезде, келесілерге назар аударыңыз.

- Тоқыма маталарды жуу үшін тек бейтарап сұйық жуғыш құралдарды пайдаланыңыз.
- Ұнтақ жуғыш құралдарды пайдалану бұл құралдың іш киімге және матаға (тоқыма) түсуіне соқтырады.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 28 2013-10-23 9:43:10

Кір жуғыш құралдар бөлігі

Осы кір жуғыш машинада кірге арналған кондиционерге және кір жуу құралдарына арналған бөліктер бар. Кір жуғыш машинаны қосар алдында әр бөлікке сәйкесінше кір жу құралдарын салыңыз.

Машина жұмыс істеп тұрған кезде кір жуу құралдары салынатын бөлікті ашпаңыз.

1. Басқару панелінің сол жағында тұрған кір жууға арналған құралдар салынатын бөлікті тартыңыз.
2. Кір жуғыш машинаны қоспас бұрын кір жуу құралдары салынатын бөлікке Ⅱ кір жуу құралдарының ұсынылатын мөлшерін салыңыз.

Сұйық тазалағыш затты пайдалану үшін сұйық тазалағыш зат қорабын қолданыңыз (тиісті үлгіге қатысты мәліметті “сұйық тазалағыш зат” тақырыбынан қараңыз).

• Сұйық тазалағыш қорап ішіне ұнтақты тазалағыш затты салмаңыз.

3. Қажет болса, жұмсартқыш бөліміне мата жұмсартқыштың ұсынылған мөлшерін салыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Кондиционерге арналған бөлікке ешқандай ұнтақ/сұйық **жуғыш құралдарды** қоспаңыз(❀).





4. Алдын ала кір жуу циклін қолданғанда кір жуу құралының ұсынылған мөлшерін алдын ала кір жуу бөлігіне салыңыз Ⅰ.



Ірі киімдерді жуған кезде төмендегі кір жуу құралдарының түрін пайдаланбаңыз:

- таблетка және капсула түріндегі кір жуу құралы;
- шар және тор қолданылған кір жуу құралы.

Кірге арналған концентрацияланған немесе қою кондиционерлерді бөлікке салмас бұрын оны аз мөлшердегі сумен араластырған жөн (тесік бітеліп қалған жағдайда судың асып төгілуінің алдын алу үшін).

Сақ болыңыз, алдын-ала жууға арналған бөлікке кондиционер қосылғаннан кейін жуғыш құралға арналған жәшікке кондиционердің төгілуіне жол бермеңіз.

Сұйық тазалағыш зат (кей үлгілерде)

Сұйық тазалағыш затты пайдалану үшін сұйық тазалағыш зат қорабын тазалағыш зат тартпасының негізгі жуу бөліміне салыңыз және сұйық тазалағыш зат қорабының ішіне сұйық тазалағыш затты құйыңыз.

- МАКС сызығынан асыра толтырмаңыз.
- Ұнтақты тазалағыш затты пайдаланған кезде, тазалағыш зат тартпасынан сұйық тазалағыш зат қорабын алып тастаңыз. Ұнтақты тазалағыш зат сұйық тазалағыш зат қорабының ішінде ерімей қалады.
- Жуу аяқталғаннан кейін, тазалағыш зат тартпасында аздаған сұйықтық қалуы мүмкін.



WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 29 2013-10-23 9:43:11

Кір жуғыш машинаны тазалау және күтіп баптау

Кір жуғыш машинаны таза ұстау оның өнімділігін арттырып, ұсақ жөндеуден сақтайды және қызмет көрсету мерзімін ұзартады.

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАДАН СУДЫ ЖЕДЕЛ АҒЫЗУ

1. Кір жуғыш машинаны қуат көзінен ажыратыңыз.
2. Сүзгі қақпағын тиынмен немесе кілтпен ашыңыз.



3. Апаттық ағызу түтігін бағыттауыштан алу үшін өзіңізге қарай тартыңыз.

4. Апаттық ағызу түтігінжауып тұрған бітеуішті алып тастаңыз.
5. Суды легенге ағызыңыз.

Сіз есептегеннен де көп су қалуы мүмкін. Үлкен ыдыс дайындап қойыңыз.

6. Апаттық ағызу түтігіне бітеуішті кигізіңіз, түтікті бағыттауышқа кигізіңіз.
7. Сүзгі қақпағын орнына қойыңыз.

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫҢ СЫРТЫН ТАЗАЛАУ

1. Кір жуғыш машинаның сыртын, басқару панелін қоса алғанда абразивті емес тұрмыстық тазалағыш құралдар қосылған жұмсақ матамен сүртіп алыңыз.
2. Бетін жұмсақ матамен құрғатып сүртіңіз.
3. Кір жуғыш машинаның үстіне су құймаңыз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 30 2013-10-23 9:43:11

КІР ЖУУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАЛДАР БӨЛІГІ МЕН ҚУЫСТАРДЫ ТАЗАЛАУ

1. Кір жуу құралдарына арналған бөліктің ішінде орналасқан босатқыш рычагты басып, бөлікті шығарыңыз.
2. Бөліктен сұйық кір жуғыш құралға арналған бөгетті шығарыңыз.



3. Бөліктің барлық бөлшектерін ағып тұрған сумен жуыңыз.



4. Бөлікке арналған қуысты ескі тіс щеткасымен тазалаңыз.
5. Сұйық кір жуғыш құралға арналған бөгетті орнына қойыңыз.
6. Бөлікті қайтадан орнына орнатыңыз.
7. Кір жуғыш машинаның бағына кір салмай тұрып, шаюды қосыңыз.



WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 31 2013-10-23 9:43:11

Кір жуғыш машинаны тазалау және күтіп баптау

ҚОҚЫСҚА АРНАЛҒАН СҮЗГІНІ ТАЗАЛАУ

Қоқыс сүзгісін жылына 5 не 6 рет немесе “5E” жазуы көрсетілген кезде тазалауды ұсынамыз. (өткен беттегі «Кір жуғыш машинадан суды жедел ағызу» туралы қараңыз.)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қалдық фильтрін тазартар алдында, электр қуат көзінің шнуры ажыратылғанына сенімді болыңыз.

1. Ең алдымен қалған суды жойыңыз (30 беттегі «Кір жуғыш машинадан суды жедел ағызу» бөлімін қараңыз)

   Егер сіз қалдық суды жоймай, фильтрді ағытатын болсаңыз, онда қалдық су ағып кетуі мүмкін.

2. Сүзгі қақпағын тиын немесе кілтпен ашыңыз.
3. Апаттық су ағызу түтігінің бітеуішін солға бұрап шешіп алып, суды ағызып тастаңыз.
4. Қоқысқа арналған сүзгі қақпағындағы винтті солға бұрап, шешіп алыңыз.



5. Кірді жуып, сүзгіні қоқыстан тазалаңыз. Қоқысқа арналған сүзгінің арт жағында орналасқан су ағызатын сорғының қалқаны кедергісіз жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.
6. Қоқысқа арналған сүзгі қақпағын оңға бұрап орнатыңыз.
7. Қақпақты орнына қойыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Машинаның жұмысы кезінде қалдық фильтрінің қақпағын ашпаңыз, бұл ыстық судың ағып кетуіне соқтырады.

- Фильтрді тазартқаннан кейін қалдық фильтр қақпағы орнына қойылғанына көз жеткізіңіз. Егер фильтр машинаға қойылмаса, онда сіздің жуғыш машинаңыз қосылмайды немесе одан су ағып тұруы мүмкін.
- Фильтр тазартылғаннан кейін толығымен жинақталған болуы керек.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 32 2013-10-23 9:43:11

СУ ЖІБЕРЕТІН ШЛАНГТІҢ ТОР СҮЗГІСІН ТАЗАЛАУ

Су жіберетін шлангтің тор сүзгісін кем дегенде жылына бір рет, сондай ақ «4E» қате туралы хабарламасы пайда болған кезде тазалаған жөн.

1. Кір жуғыш машинаға келетін суды тоқтатыңыз.
2. Кір жуғыш машинаның артқы панеліне бекітілген шлангті алып тастаңыз. Шлангта ауа қалып қалудың нәтижесінде су төгіліп кетудің алдын алу үшін шлангті матамен жауып қойыңыз.
3. Кемпірауыздың көмегімен шлангтың шетінде орналасқан тор сүзгіні абайлап шығарыңыз да толық тазарғанға дейін сумен жуыңыз. Сондай-ақ жалғастықтың шланг жалғанатын ішкі және сыртқы жағын тазалаңыз.
4. Сүзгіні орнына орнатыңыз.
5. Шлангті кір жуғыш машинаға жалғаңыз.
6. Жалғанған жерлерде су ағып тұрмағандығына көз жеткізіңіз, кранды қосыңыз.





ҚАТЫП ҚАЛҒАН КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ЖӨНДЕУ

Егер температура су қату температурасынан төмен түсіп, кір жуғыш машина қатып қалса, төмендегі жұмыстарды жүзеге асырыңыз.

1. Кір жуғыш машинаны розеткадан ажыратыңыз.
2. Су жіберетін шланг жалғанған су құбыры кранына шлангты ажыратып алуға болатындай етіп жылы су құйыңыз.
3. Су жіберетін шлангті шешіп алып, жылы суға салыңыз.
4. Кір жуғыш машинаның багына жылы су құйып, 10 минутқа қалдырыңыз.
5. Су жіберу шлангін кранға қайта жалғап, су жіберу мен ағызу жұмыстары түзелді ме, тексеріңіз.

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ САҚТАУ

Кір жуғыш машинаны ұзақ уақыт сақтау керек болса, суын ағызып тастап, машинаны желіден ажыратып тастаған жөн. Егер кір жуғыш машинаны сақтауға қоярдың алдында шлангтары мен ішкі бөліктерінен суларын ағызып тастамаса, істен шығып қалуы мүмкін.

1. «Быстрая 15’ (Жылдам 15’)» режимін таңдап, ағартқышқа арналған бөлікке ағартқыш қосыңыз. Кір салмай кір жуғыш машинаның кір жуу циклін қосыңыз.
2. Су құбыры кранын жауып, су жіберетін шлангті ажыратыңыз.
3. Кір жуғыш машинаны электр желісінен өшіріп, баққа таза ауа кіріп тұру үшін есігін ашық қалдырыңыз.

Егер кір жуғыш машина нөлден төмен температурада сақталса, пайдаланар алдында машинада қалған судың еріп кетуіне уақыт беріңіз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 33 2013-10-23 9:43:11

Ақаулықтарды жою және қате туралы хабарламаларды оқу

АҚАУЛЫҚТАР МЕН ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

ҚИЫНДЫҚ	ШЕШУ ЖОЛДАРЫ
Кір жуғыш машина қосылмайды	• Машинаның электр желісіне дұрыс қосылғандығына көз жеткізіңіз. • Есігі тығыз жабылғандығына көз жеткізіңіз. • Су құбыры краны ашық екендігіне көз жеткізіңіз. • Қосу/Тоқтату түймешесінің басылып тұрғандығына көз жеткізіңіз.
Су келмей тұр немесе аз мөлшерде келіп тұр.	• Су құбыры кранын толық ашыңыз. • Су жіберетін шлангтің қатып қалмағанына көз жеткізіңіз. • Су жіберетін шлангтің майысып тұрмағандығына көз жеткізіңіз. • Су жіберетін шлангінің сүзгісі кірмен бітеліп қалмағандығына көз жеткізіңіз.
Кір жуу аяқталғаннан кейін бөлікте кір жууға арналған құрал қалады.	• Машина жеткілікті су қысымында жұмыс істеп тұрғандығына көз жеткізіңіз. • Кір жууға арналған құралды кір жууға арналған құрал бөлігінің ортасына салыңыз.
Кір жуғыш машина дірілдейді немесе тым шулы жұмыс істейді.	• Машина тегіс жерге орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егер орнатылған жер тегіс болмаса, машинаны түзу орнату үшін аяқтарының биіктігін реттеңіз. • Тасымалдау бұрандаларының алынып тасталғанына көз жеткізіңіз. • Машина кез келген басқа затпен жанасып тұрмағандығына көз жеткізіңіз. • Кірдің біркелкі салынғандығына көз жеткізіңіз.
Кір жуғыш машина суын ағызбайды немесе кірді сықпайды.	• Су ағызатын шлангтің майысып тұрмағандығына көз жеткізіңіз. Шлангті түзетіңіз. • Сүзгінің кірмен бітеліп қалмағандығына көз жеткізіңіз.
Есігі ашылмайды.	• Кір жуғыш машинадан судың толық ағып кеткендігіне көз жеткізіңіз. • Есік құлпысы индикаторының жанып тұрмағандығына көз жеткізіңіз. Суды ағызып тастағаннан кейін индикатор өшіп қалуы керек.

Егер қиындықтар жойылмаса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 34 2013-10-23 9:43:12

АҚПАРАТТЫҚ КОДТАР

Егер кір жуғыш машинаның жұмысында ақаулықтар пайда болса дисплейде ақпараттық коды пайда болады. Мұндай жағдайла болып жатса, қызмет көрсету орталығына хабарласпастан бұрын, осы кодты кестеден тауып, көрсетілген әрекеттерді орындап көріңіз.

Қате коды	әрекет ету
dE	• Есігі тығыз жабылғандығына көз жеткізіңіз. • Кір машина есігіне қыстырылып қалмасын.
4E	• Су құбыры кранын ашық тұрғандығына көз жеткізіңіз. • Су қысымын тексеріп көріңіз.
5E	• Қоқысқа арналған сүзгіні тазалаңыз. • Су ағызатын шлангтің дұрыс жалғанғандығына көз жеткізіңіз.
UE	• Кір біркелкі салынбаған. Шырмаланған кірді ажыратып, оны біркелкі салыңыз. Бір ғана затты жуып жатсаңыз (мысалы, түкті халат немесе джинсы) қорытынды сығу нәтижесі дұрыс болмайды да, дисплейде «UE» қатесі туралы хабарлама пайда болады.
cE/3E	• Техникалық көмек көрсету қызметіне хабарласыңыз.
Sd	• Бұл өте көп көпіршік болатын кезде пайда болады. Бұл көпіршікті жою кезінде дисплейде көрінетін болады. Оны жоюды аяқтау кезінде қалыпты цикл қайта басталады. (Бұл қарапайым жұмыс барысы болып саналады. Бұл танылмайтын қателерді болдыртпайтын қате ретінде саналады.).
Uc	• Егер қуат көзінің кернеулігі тұрақсыз болса, онда кір жуғыш машина өзінің электрлік жүйесін сақтап қалу үшін тоқтап қалады. • Қуат көзінің кернеулігі қалыпты жағдайға түскеннен кейін, жуу циклі автоматты түрді қалпына түседі.

Егер қате коды жоғарыда көрсетілмесе немесе ақаулықты ұсынылып отырған тәсілмен жою мүмкін болмаса, Samsung қызмет көрсету орталығына немесе жергілікті Samsung жеткізушілеріне хабарласыңыз.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 35 2013-10-23 9:43:12

Бағдарламалар кестесі

БАҒДАРЛАМАЛАР КЕСТЕСІ

(●тұтынушының қалауымен)

Бағдарлама	Макс. салу (кг)	Кір жууға арналған құрал			Макс. темп. (°C)	Сығу жылдамдығы (макс.) айн./мин		Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)
	WF6MF1R2W2W WF6MF1R2W0W WF6MF1R0W0W WF60F1R1W2W WF60F1R0W0W WF6RF1R0W0W WF6HF1R0W0W WF6CF1R0W2W	Алдын ала жуу	Кір жуу	Жұмсартқыш		WF6MF1R2W2W WF60F1R1W2W WF6CF1R0W2W	WF6MF1R2W0W WF6MF1R0W0W WF60F1R0W0W WF6RF1R0W0W WF6HF1R0W0W	
хлопок (Мақта мата)	6,0	●	Иә	●	95	1200	1000	●
Синтетика (Синтетика)	2,5	●	Иә	●	60	1200	1000	●
Ручная стирка шерсти (Жүнді қолмен жуу)	1,5	-	Иә	●	40	400	400	●
Быстрая 15' (Жылдам 15')	2,0	-	Иә	●	40	800	800	●
Интенсивная Eco (Супер Эко жуу)	3,0	●	Иә	●	40	1200	1000	●
Верхняя одежда (Сыртқы киім)	2,0	-	Иә	●	40	1200	1000	●

1. Кір жуу циклі алдын ала кір жуу уақыты шамамен 15 минутқа артық созылуы мүмкін.

2. Мақта 60°C және Мақта 40°C бағдарламалары эталондық стандартты бағдарламалар болып табылады және орташа деңгейде ластанған мақтадан істелген маталар үшін арналады. Мақта 60°C+Қарқынды+Bubble бағдарламасы EN 60456 стандартына сәйкес келеді және осы киім-кешек түріне ең тиімді (суды және электр қуатын пайдалануға қатысты) болып табылады. Осы бағдарламаларды таңдаған кезде судың нақты температурасы номиналды температурадан өзгеше болуы мүмкін.

3. Нақты ұзақтығы су құбырындағы судың температурасы мен қысымына, кірдің түрі мен салынуына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

4. Қарқынды кір жуу режимінде цикл ұзақтығы әр цикл үшін көбейіп отырады.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 36 2013-10-23 9:43:12

Қосымша

КИІМ ЖАПСЫРМАСЫНДАҒЫ МӘНДЕРДІ СИПАТТАУ

Төмендегі белгілер киімді қалай күту керектігін анықтайды. Жапсырмадағы мәндер мына тәртіппен көрсетіледі: кір жуу, ағарту, кептіру және үтіктеу, қажет болған жағдайда құрғақ химиялық тазалау. Бұл шартты белгілерді отандық және шетелдік киім шығарушылар қолданады. Кір жуу кезінде қиындық туындамау үшін және заттардың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін жапсырмадағы шартты белгілерді ұстаныңыз.

	Тығыз мата		100°C-тан аспайтын температурада үтіктеуге болады
	Нәзік мата		Үтіктеуге болмайды
	95°C температурадағы суда жууға болады		Құрғақ химиялық тазалау кезінде кез келген еріткішті пайдалануға болады
	60°C температурадағы суда жууға болады		Тек перхлорид, оттыққа арналған бензин, таза спирт немесе R113 тазартқыш құралын қолдану арқылы құрғақ химиялық тазалау
	40°C температурадағы суда жууға болады		Тек авиация бензинін, таза спирт немесе R113 тазартқыш құралын пайдалану арқылы құрғақ химиялық тазалау
	30°C температурадағы суда жууға болады		Құрғақ химиялық тазалауды қолдануға болмайды
	Тек қолмен жууға болады		Тегіс жерде кептіру
	Тек құрғақ химиялық тазалау		Кептіру үшін жаюға болады
	Суық суда ағартуға болады		Киімге арналған ілгіште кептіру
	Ағартуға болмайды		Қалыпты температурада кептіргіште кептіруге болады
	200°C-тан аспайтын температурада үтіктеуге болады		Төмен температурада кептіргіште кептіруге болады
	150°C-тан аспайтын температурада үтіктеуге болады		Кептіргіште кептіруге болмайды

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

- Осы құрылғы екінші өңдеуге арналған материалдардан жасалған. Егер сіз құрылғыны лақтырып тастауға шешім қабылдасаңыз, тұрмыстық қалдықтарды пайдаланудың жергілікті ережелеріне сүйеніңіз. Қуаттану кабелін қуаттану көзіне қосылмайтындай етіп кесіңіз. Жануарлар мен кішкентай балалар құрылғының ішінде қамалып қалмайтындай етіп, есігін алып тастаңыз.
- Кір жууға арналған құрал мөлшерін өндіруші нұсқаулығында көрсетілген мөлшерден асырмай салыңыз.
- Дақ кетіргіштер мен ағартқыштарды қажет болған жағдайда ғана кір жуу циклін қосар алдында қолданыңыз.
- Кір жуу кезінде машинаға кірді толық салып (салынатын кірдің нақты мөлшері қолданылатын кір жуу бағдарламасына байланысты болады) су мен электр энергиясын үнемдеңіз.

СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ

Аталған құрылғы еуропаның қауіпсіздік талаптарына, EC 93/68 директивасына және EN 60335 стандартына сәйкес келеді.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 37 2013-10-23 9:43:14

Қосымша

ТЕхНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

ТүРІ			ФРОНТАЛЬДІ САЛЫНАТЫН КІРІ БАР КІР ЖУҒЫШ МАШИНА	
ГАБАРИТТІ МӨЛШЕРІ			WF6MF1R2W2W / WF6MF1R2W0W / WF6MF1R0W0W WF60F1R1W2W / WF60F1R0W0W / WF6CF1R0W2W WF6RF1R0W0W	
			Ш600мм Х Г450мм Х В850мм	
СУДЫҢ ҚЫСЫМЫ			50 кПа ~ 800 кПа	
СУДЫҢ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ			39л	
ТАЗА САЛМАҒЫ			WF6MF1R2W2W / WF6MF1R2W0W / WF6MF1R0W0W WF60F1R1W2W / WF60F1R0W0W / WF6CF1R0W2W WF6RF1R0W0W	
			56 кг	
ЖУУ Жә НЕ АЙНАЛДЫРУ МүМКІНДІГІ			6,0 кг	
ТұТЫНЫЛАТЫН ҚУАТ МӨЛШЕРІ	ҮЛГІСІ		WF6MF1R2W2W / WF6MF1R2W0W / WF6MF1R0W0W WF60F1R1W2W / WF60F1R0W0W / WF6CF1R0W2W WF6RF1R0W0W	
	ЖУУ		220 В	150 Вт
			240 В	150 Вт
	ЖУУ ЖӘНЕ ҚЫЗДЫРУ		220 В	2000 Вт
			240 В	2400 Вт
	АЙНАЛДЫРУ	ҮЛГІСІ	WF6MF1R2W2W WF60F1R1W2W WF6CF1R0W2W	WF6MF1R2W0W WF6MF1R0W0W WF60F1R0W0W WF6RF1R0W0W WF6HF1R0W0W
		230 В	530 Вт	500 Вт
	СОРҒЫ		34 Вт	
АЙНАЛДЫРУ АЙНАЛЫМЫ	ҮЛГІСІ		WF6MF1R2W2W WF60F1R1W2W WF6CF1R0W2W	WF6MF1R2W0W WF6MF1R0W0W WF60F1R0W0W WF6RF1R0W0W WF6HF1R0W0W
	Айн./мин.		1200	1000
КЛАСС ЗАЩИТЫ ОТ ПОРАЖЕНИЯ ТОКОМ			I	

Құрылғының сыртқы көрінісі мен техникалық параметрлері, құрылғыны жетілдіре түсу үшін алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Қалыпты жағдайларда өзінің арналуы бойынша қолдануға арналған.
Ұсынылатын кезеңі: 7 жыл
Өндіруші құрылғының сыртқы түрі мен техникалық сипатын алдын ала хабарламастан өзгертуге құқылы.

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 38 2013-10-23 9:43:14

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЭФФЕКТІ

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЭФФЕКТІ			
ӨНДІРУШІ		Samsung	Samsung
Модель		WF6MF1R2W2W WF60F1R1W2W WF6CF1R0W2W	WF6MF1R2W0W / WF60F1R0W0W WF6RF1R0W0W / WF6HF1R0W0W WF6MF1R0W0W
Энергетикалық тиімділік класы		A	A
ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН электроэнергиясы, кВт.ч /цикл ЖУУ ЖӘНЕ СЫҒУ ҮШІН САЛЫНАТЫН КІР МАКС МӨЛШЕРІ Негізгі ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН энергиясы Машинаның Пайдалану Режимі		1.02	1.02
Кіржуу Класс Деңгейі A: максималды G: минималды		A	A
Кірсығу Класс Деңгейі A: максималды G: минималды		B	C
АЙНАЛУ КЕЗІНДЕГІ ЖЫЛДАМДЫҒЫ Айн./мин.		1200	1000
ЖУУ ЖӘНЕ СЫҒУ ҮШІН САЛЫНАТЫН КІР МӨЛШЕРІ		6.0	6.0
СУ КӨЛЕМІ Л		39	39
Өзгерті тәсілі Дыбыс Өлшемі	Кіржуғыш	60	60
	Сығу	76	74

* Продуктың наклейкасында энергетикалық эффекті туралы информациясы көрсетілген

WF6RF1R0W0W-03327B_KK.indd 39 2013-10-23 9:43:14

Ескертулер

Ескертулер

Өнім өндірілген жердің атауы: Ресейде жасалған

Өндіруші:
Samsung Electronics Co., Ltd

Өндірушінің мекенжайы:
Корея Республикасы, (Мэтан-донг) 129, Самсунг-ро, Енгтонг-гу, Сувон қ., Кёнги-до, 443-742

Зауыттың мекенжайы:
Ресей, Калуга облысы, Боровской ауданы, Коряково ауылы, Первый Северный жолы, №1 Иелік

ҚР аумағында тұтынушылардан шағымдар мен ұсыныстарды қабылдайтын ұйым:
“SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA” (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) ЖШС
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл Фараби даңғылы, 36 үй, 3, 4 қабат

Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.

Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БЕН ЕСКЕРТУЛЕРІҢІЗ ТУЫНДАСА?

ЕЛ	ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ	НЕМЕСЕ МЫНА МЕКЕНЖАЙҒА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ:
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/support
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/support
AZERBAIJAN	088-55-55-555	www.samsung.com/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500(GSM: 7799, VIP care 7700)	www.samsung.com/support
UZBEKISTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/support
KYRGYZSTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/kz_ru/support
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/support
MONGOLIA	7-495-363-17-00	www.samsung.com/support
UKRAINE	0-800-502-000	www.samsung.com/ua/support (Ukrainian) www.samsung.com/ua_ru/support (Russian)
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/support
MOLDOVA	0-800-614-40	www.samsung.com/support

Код: DC68-03327C-12